# 2001 жылғы 14-15 маусымдағы Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 қараша N 1393

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы 14-15 маусымдағы Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де

мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде накты шаралар қабылдасын және олардың орындалуы бойынша тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 2 қарашадағы
N 1393 қаулысымен
бекітілген

2001 жылғы 14-15 маусымдағы Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

-------------------------------------------------------------------------

| Р/с N | Іс-шаралардың атауы | Орындау мерзімі | Орындалуы үшін жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер. дің құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтері ("Бішкек тобы") басшыларының кездесуін дайындау және өткізу (бұдан әрі - ШЫҰ) | 2001 ж. қараша | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің мәдениет министрлерінің Пекин. дегі (ҚХР) бірінші кездесуіне қатысу | 2001 ж. IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хартиясының қазақстандық нұсқасын әзірлеу | 2001 ж. IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлар жөніндегі министрлерінің бірінші кездесуіне қатысу | 2001 ж. IV тоқсан - 2002 ж. I тоқсан | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің экономика министрлерінің бірінші кездесуіне қатысу | 2001-2002 жж. | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің | 2001 ж. | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қорғаныс ведомстволарының өзара іс-қимылымен әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі ұсыныстарды дайындау. Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісім жобасын әзірлеу | IV тоқсан - 2002 ж. I тоқсан | Қорғаныс министрлігі |
| 7 | Терроршылдыққа, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясының күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді дайындау және өткізу | 2001 ж. IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері мен бас штабтары басшыларының бірлескен кездесуіне қатысу | 2002 ж. I жарты. жылдық | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 9 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің шекара қызметі басшыларының кездесуін өткізу | 2002 ж. I тоқсан | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | ШЫҰ шеңберінде қабылданған құжаттардың арнайы жинағын қазақ және орыс тілдерінде шығару | 2002 ж. I жарты. жылдық | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 11 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің бірлескен жаттығуларына қатысу | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Трансазиялық теміржол магистралының Солтүстік дәлізі бойынша Достық - Алашанькоу өткелі арқылы жүк ағымын ұлғайту жөніндегі шараларды қабылдау | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 13 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің шағын және орта бизнес өкілдерінің тікелей байланыстарын орнатуға жәрдем көрсету | Тұрақты | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі |
| 14 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің энергетикалық орамын құру мәселесін пысықтау | 2001-2002 жж. | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 15 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің экология, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму бағдарламаларының мәселелері бойынша кездесу өткізу | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 16 | ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастығы туралы мәселені пысықтау | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 17 | "Жібек жолы" бағыты бойынша халықаралық туристік поезды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы мен жоспарын әзірлеу | 2002 ж. | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

----------------------------------------------------------------------------

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК